



## КӨКЕК ҚАШАН ҚАЙТА КЕЛЕДІ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



## ТАРИХ ТӨРИНЕН ОРЫН АЛҒАН

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАСА МӘН БЕРУ ҚАЖЕТ. АШЫҒЫН АЙТ-САҚ, АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ БҰЛ МІНДЕТТІ ТОЛЫҚ ОРЫНДАП ОТЫРҒАН ЖОҚ. ОСЫ САЛАДАҒЫ САЯСАТ БІРІЗДІ ЕМЕС. МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН БӨЛІНІП ЖАТҚАН ҚАРАЖАТ ТИІМДІ ЖҰМСАЛМАЙДЫ. ӨНІМ ӨНДІРУШІ МЕН ТҰТЫ-НУШЫНЫҢ АРАСЫНДА ДЕЛДАЛ КӨП.

№42  
(4475)

Сейсенбі  
11 сәуір  
2023 жыл



# АСТАНА

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## БАҒЗЫДАН БАСТАЛҒАН БАУЫРЛАСТЫҚ



Кеше Әзербайжан президенті Ильхам Әлиев Қазақстанға ресми сапармен келді. Ақорда резиденциясында мәртебелі мейманды салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті. Құрмет қарауылының бастығы мемлекет басшыларына рапорт берді, сондай-ақ Қазақстан мен Әзербайжанның әнұрандары орындалды.

Одан кейін Қазақстан мен Әзербайжан Президенттері шағын құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев шақыруын қабыл алып, Астанаға ресми сапармен келгені үшін Ильхам Әлиевке алғыс айтты. «Былтыр тамыз айында мен Бакуге сапармен бардым. Бұл сапарым аса нәтижелі болды және екіжақты қатынастарға тың серпін берді. Қазір президенттердің екі ел Үкіметіне берген тапсырмаларының орындалу барысын пысықтау қажеттілігі туды. Әзербайжан мен Қазақстан – бауырлас әрі достас мемлекеттер. Біздің тарапымыздан сауда-экономика және инвестиция салаларындағы жан-жақты ынтымақтастықты, сондай-ақ екіжақты форматтағы және халықаралық ұйымдар аясындағы саяси қарым-қатынасты дамыту үшін барлық мүмкіндік жасалып жатыр. Біз Кавказ аймағында жетекші рөл атқаратын Әзербайжан мемлекетімен экономикалық қатынастар мен ынтымақтастықты дамыту үшін ауқымды жұмыс жүргізуді көздеп отырмыз. Біздің арамсызда ешқандай мәселе жоқ. Тек қана осы бағытта алға ілгерілеуге деген ниет қана бар» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2

## БАҒА НЕГЕ НЕГІЗСІЗ ӨСЕДІ?

«Азық-түлік бағасының өсуіне, негізінен, делдалдық схемалар әсер етіп отыр. Бұл жерде азық-түлік өндірушілер бағаны көтеріп жатпағанын айту керек. Бағаны делдалдар көтереді. Солар бағаны 50 пайызға дейін қолдан қымбаттатады. Бүгінгі таңда бұл бағытта өңірлік комиссиямен бірге жұмыс жүргізіп жатырмыз» деді Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жаңабаев.

5



## АСТАНА ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАМЫЛАДЫ

Елордада көктемгі ағаш отырғызу және «Жасыл Астана» экологиялық айлығы басталды. Елорданы дамыту жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысының «Бес жыл ішінде Астананы бақ қалаға айналдыру, көпжылдық өсімдіктерді көбірек отырғызу керек» деген тапсырмасына сәйкес биыл елордада миллион жасыл желек отырғызу жоспарланып отыр. Оның 500 мыңы қалада, 500 мыңға жуығы Астананың жасыл белдеуіне отырғызылады.

4

## ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН ШАХМАТ ШАЙҚАСЫ

Астана төрінде шахматтан ФИДЕ версиясы бойынша әлем чемпионатының жалауы көтерілді. Әлем чемпионатының алғашқы партиясы 49 жүрістен соң тең аяқталды.

Әлем көз тіккен мұндай мәртебелі жарыс Қазақстанда тұңғыш рет ұйымдастырылып отыр. Шаршы тақтада ресейлік Ян Непомнящий мен қытайлық Дин Лижень чемпиондық атақ үшін шайқасты бастады.

Алғашқы партиядағы бірінші символикалық жүрісті ҚР Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов пен Халықаралық шахмат федерациясының президенті Аркадий Дворкович жасады.

Әлем чемпионы атағы үшін ойынды ақ тастармен бастаған Ян Непомнящий қанша жерден шабуыл жасағанмен, Дин Лижень сауатты қорғаныс жасай білді. Нәтижесінде бес жарым сағатқа созылған бәсеке 49 жүрістен соң тең аяқталды.



8

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 487.84 \$ USD/KZT 447.31 ₸ RUB/KZT 5.54 ¥ CNY/KZT 65.05

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





## БАҒЗЫДАН БАСТАЛҒАН БАУЫРЛАСТЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Әзербайжан арасында тауар айналымын 1 млрд долларға жеткізуге болады деп мәлімдеді. «Сіздің сапарыңыз аясында Жоғары мемлекетаралық кеңес құруды бекітеміз. Бұл екіжақты қарым-қатынасқа тың серпін берері сөзсіз. Біздің сауда-экономикалық өзара іс-қимылымыздағы айтарлықтай ілгерілеушілікті де зор қанағаттанушылықпен атап өткім келеді. Тауар айналымы 40 пайызға артып, жарты миллиард долларға жетті. Экономикалық әлеуетімізді мүмкіндігінше толықанды ашып, бұл көрсеткішті 1 млрд долларға жеткізе аламыз деп сенемін. Бұл үшін бізде энергетика, көлік, логистика, ИТ, ауыл шаруашылығы өнеркәсіп және басқа да салаларда байыпты қор бар» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент мәдени-гуманитарлық байланыс та рет-ретімен нығайтып келе жатқанына назар аударды.

«Екі елдің мәдени онқұндіктерін өткізу туралы уағдаластықты айрықша атап өткім келеді. Қазақстанның мәдени күндері осы жылдың ішінде өтеді. Бүгін біз Әзербайжанның құрметті Президентімен көрнекті мемлекет қайраткері Гейдар Әлиевтің атындағы көшені ашамыз. Бұл іс-шараны әзербайжан халқының ұлы тұлғасының 100 жылдығына орайластырып отырмыз» деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін Гейдар Әлиевтің өміріне арналған «Ғазиз ғұмыр» деректі фильмінің таныстырылымы өтетіндігін айтты. Фильмді Қазақстан телерадио корпорациясы түсірген.

Ильхам Әлиев өзіне сөз кезегі келгенде зор құрметпен және қонақжайлықпен қарсы алған Қазақстан басшысына алғысын жеткізді. «Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, ең алдымен, арнайы шақырғаныңызға және қонақжайлығыңызға алғыс айтамын! Гейдар Әлиевке көрсеткен құрметіңіз үшін бүкіл Әзербайжан халқының және жеке өз атыман ризашылығымды білдіргім келеді. Жалпы, біз барша Қазақстан халқының елімізге деген ыстық ықыласын әрқашан сезініп келеміз. Әзербайжанға ресми сапарыңыз барысында осындай тілеулікті Сіз де байқадыңыз деп ойлаймын. Біздің ресми сапарлар аясында жиі кездесуіміз осы қарым-қатынасымыздың сипатын аңғартады және ұдайы байланыста болу қажет екенін көрсетеді» деді ол.

Әзербайжан басшысы екі ел арасындағы бауырластық, ынтымақтастық қарым-қатынастардың шынайы екенін қадап айтты. «Өзіңіз айтқандай, біздің елдеріміздің бір-біріне деген бауырластық ниеті шынайы. Бұл – екіжақты ынтымақтастықты дамытуға жақсы негіз. Ынтымақтастық бағыттарына келетін болсақ, оларды санамалауға біраз уақыт кетеді. Өйткені ол қоғамның барлық саласын қамтиды. Өрине, қазіргі жағдайда сауда-экономикалық және инвестициялық жобалар, сондай-ақ көлік-логистикалық инфрақұрылымға қатысты жобалар басымдыққа ие» деді И.Әлиев.

Келіссөздер нәтижесінде Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының Жоғары мемлекетаралық кеңесін құру туралы хаттамаға және т.б. құжаттарға қол қойылды.

## ТАПШЫЛЫҚТЫҢ СЕБЕБІ АНЫҚТАЛДЫ

7 сәуірдегі жағдай бойынша елдегі 415 жанармай құю станциясында дизель отыны болмаған. Энергетика министрі Алмасаддам Сәтқалиевтің баяндамасына сәйкес, елімізде 309 мың тонна дизель отынының жиынтық қоры бар. Ал өңірлердегі дизель отыны тапшылығы жанармай құю станциялары иелерінің баға айырмашылығының қысқаруын күтіп, мұнай базаларындағы отын қорын жасырып қалуына байланысты болған. Республика бойынша осындай 152 жанармай құю бекеті анықталды.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр өңірдегі штабтар белсенді түрде әрекет етіп, тұрақты рейдтер өткізуі керек екенін атап өтті. «Алып-сатарлыққа және мұнай базаларында отынды «ұстап тұруға» жол бермеу

керек, бұл елдің энергетикалық қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Жанар-жағармай материалдары бола тұрып, оны сатпай отырған нысандар анықталса, оларды заң бойынша жауапқа тарту керек» деп тапсырма берді Р.Скляр.

## АУЫЛДЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Үкімет ауылды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітті.

Премьер-министр тиісті қаулыға қол қойды. Құжатта ауыл тұрғындарының табысы мен тұрмыс сапасын арттыру бойынша түрлі шаралар қарастырылған. Ауылда өз қызметкерлеріне үй салып берген жұмыс берушілердің шығындары жалпы алаңы 100 шаршы метрден аспайтын үй құнының 50% мөлшерінде субсидияланады. Еңбек

тапшылығы бар өңірлердің шекаралас ауылдық округтер тұрғындарының жалақысына үстемеақы қосу мүмкіндігі қаралады.

Жобаны іске асыру нәтижесінде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз ауыл халқының үлесі 5,8%-ға дейін, ауылдық жерлерде жұмыссыздық деңгейі 4,2%-ға дейін төмендейді деп күтіледі.

# ЕЛОРДАДА ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ АЗ ЕМЕС

Жеңіс Қасымбектің елорда әкімі болып қызметке араласқанына төрт айдың жүзі болды. Осы уақыт аралығында бас қалада қандай мәселелер шешіліп жатқаны туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс ҚАСЫМБЕК Atameken Business телеарнасына эксклюзивті сұхбат берді.



EXCLUSIVE

– Жеңіс Махмұтұлы, Астана қаласының әкімі болғаныңызға 4 айға жуықтады. Бұған дейін Қарағанды облысын басқарғаныңыз белгілі. Осы тұста заңды сұрақ туындап отыр. Тұтас облысты басқару оңай ма, әлде бас шаһарға жетекшілік ету ме?

– Жалпы, әр өңірдің өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, Қарағанды облысын алатын болсақ, ол – үлкен индустриалды аймақ. Оның ерекшелігі – облыс тұрғындарының 80 пайызының қалаларда тұруында. Сонымен қатар бұл өңірде моноқалалар көп. Олар зауыт, фабрика, кен орындарының маңында шоғырланған. Аймақтың инфрақұрылымы ескі, кезінде 50-60 жыл бұрын салынған. Осындай мәселелер бар. Астанаға келсек, бұл – жаңа қала. Биыл елорданың 25 жылдығы тойланады. Қала тұрғындарының саны жыл санап артып отыр. Қазір Астанада ресми түрде 1 млн 350 мың адам тұрады. Бұдан бөлек, жергілікті миграция да бар, құрылыс мерзімінде қалада тұратын азаматтар саны көбейеді. Жалпы бүгінде 1,5 млн-ға жуықтап қалдық.

– Астана болған соң, бас қалаға артылар жауапкершіліктің, қойылатын талаптың жоғары екенін өзіңіз де білесіз. Мемлекет басшысы елдің дамуында Астананың алатын орны ерекше деп үнемі айттып отырады. Қала тізгінін ұстаған 4 ай ішінде нақты қандай өзекті мәселелерді атап көрсетер едіңіз?

– Мәселелер аз емес. Ең өзекті мәселенің бірі – коммуналдық мекемелердің жұмысы. Жылу, су, көріз мәселесі бар. Соңғы екі аптаның ішінде су мәселесі көп талқыланды. Қала тұрғындары бұл мәселені көтеріп жатыр. Оның үстіне әлеуметтік инфрақұрылым мәселесі де бар.

Жыл сайын қалада 30 мыңнан астам сәби дүниеге келеді. Балабақша тапшылығы да жоқ емес. Бүгінгі таңда 50 мыңдай бала кезекте тұр. Бұдан басқа мектеп, аурухана, емхана мәселелері де бар.

– Осы проблемаларға жеке-жеке тоқталып өтсек. Жылу, су мәселесі қалай реттелуде?

– Астана бойынша былтыр 3 млн шаршы метрдей тұрғын үй қолданысқа берілді. Тиісінше бұл жылумен қамту мәселесінің шешілуін талап етеді. Осы мақ-

сатта тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр.

Биыл екі газ жылу станциясы іске қосылады. Ол екі станция 600 гигакалория жылу береді. Бұл жұмысты тамыз айында аяқтауды жоспарлап отырмыз. ЖЭО-3-тің бірінші кезеңі биыл аяқталады. Ол – бес қазандық. Бұл қосымша 400 гигакалория жылу береді. Осылайша 1000 гигакалория болады. Бұл алдағы үш-төрт жылға жеткілікті.

Су тапшылығы мәселесіне ойыссақ, Бүгінгі таңда бұл проблема жиі көтеріліп жүр. Биыл жаңа сорғы-сүзгі стансасының құрылысы аяқталады. Бұл күніне қосымша 100 мың текше метр су беретін болады. Қазіргі тапшылық 25 мың текше метрді құрайды. Ол жетіспеушіліктің орнын толтырып, қосымша 75 мың куб.метр су бермек. Тиісінше, алдағы уақытта ешқандай шектеулер болмайды. Бұл осы жылдың және келесі жылдың құрылысын толығымен қамтиды. Бірақ, осы үлкен нысандардың құрылысын биыл бастауымыз қажет.

– Су мәселесі бойынша нақты бір жоспар бар ма?

– Су мәселесі бойынша жоғарыда аталған үлкен нысанның құрылыс жұмыстары жазда аяқталады. Тамыз айына дейін суды толығымен береміз. Түнгі уақытта ешқандай шектеу болмайды. Су толық қысыммен берілетін болады.

– Кейбір мамандар елордада тұрғын үйлердің құрылысын азайту керектігін алға тартады. Осыған не дейсіз? Мораторий енгізу жоспарда бар ма?

– Ондай жоспар жоқ. Қазіргі таңда құрылысы басталған нысандар аумағы 11 млн шаршы метрді құрайды. Биылғы жоспар бойынша 3,5 млн шаршы метрдей беріледі. Келесі жылы да солай. Әрі қарай миграцияға байланысты болмақ. Қалада халық саны өссе, онда құрылыс жалғасады. Біз оған ешқандай шектеу қоймаймыз.

– Азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында қандай шаралар, қандай жобалар қолға алынды?

– Астанаға өзге өңірлерден қоныс аударатын азаматтар осында тұрақты жұмыс орнын табуы, балаларым жақсы мектепке барады, одан әрі қарай жоғары оқу орындарына түседі деген үмітпен келеді. Әкімшілік осы бағытқа ерекше ден қойып отыр. Бұл ретте ең басты мақсатымыз – жыл сайын 40 мыңнан астам тұрақты жұмыс орындарын ашу.

Сонымен қоса жаңа мектептерді пайдалануға беру де жоспарымызда бар. Мысалы, қазір әкімдік 14 мектептің құрылысын жүргізіп жатыр. Оның ішінде 11-ін биыл бітіріп, пайдалануға береміз. Қосымша жекеменшік мектептер де салынууда.

ЖЕҢІС ҚАСЫМБЕК,  
Астана қаласының әкімі:

«Биыл екі газ жылу станциясы іске қосылады. Ол екі станция 600 гигакалория жылу береді. Бұл жұмысты тамыз айында аяқтауды жоспарлап отырмыз. ЖЭО-3-тің бірінші кезеңі биыл аяқталады. Ол – бес қазандық. Бұл қосымша 400 гигакалория жылу береді. Осылайша 1000 гигакалория болады. Бұл алдағы үш-төрт жылға жеткілікті».





Мемлекет басшысы «Жайлы мектеп» бағдарламасын жариялағаны белгілі. Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен биыл Астана қаласында 24 мектептің құрылысы басталады. Осылайша, біз алдағы 2-3 жыл ішінде қалада 40 мектеп саламыз. Бұл 100 мың оқушыны орынмен қамтамасыз етеді.

Алдағы оқу жылында бірінші сыныпқа 25-26 мың бала келеді. Биыл 7-8 мың оқушы мектеп бітіргелі отыр. Өздеріңізге мәлім, жыл сайын мектепке баратын балалар саны өсуде. Осыған байланысты әр жыл сайын Астанада жоқ дегенде 10 мектеп салуға тиіспіз.

– Оған қауқарымыз жете ме?

– Жетеді. Ең бастысы, мектептер салынып жатыр. 3-4 жыл ішінде осы білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін мамандарды дайындауымыз қажет. Бұл жұмыс алдын ала басталып та кетті. Жоспарымыз бойынша 2024-2025 жылға дейін Астанада 7 мың мұғалім дайындап шығатын боламыз.

– Мектеп тапшылығы мәселесі өзекті екенін айтып өттіңіз. Оның үстіне бірінші сәуірден бастап бірінші сыныпқа құжат қабылдау басталды. Дегенмен, Есілдің сол жағалауында, мысалы, Хан шатырдың айналасын алағын болсақ, осы аумақта 3 мектеп қана бар.

– Жоғарыда айтып өткенімдей, биыл Астанада 11 мектептің құрылысы жұмыстарын аяқтағалы отырмыз. Олардың жартысы Есіл ауданында орналасқан. Тұрғындармен кездескен кезде де мектеп мәселесі жиі қозғалады.

«Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында да жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қосымша өздеріміз де саламыз. Мәселен, биыл 11 мектеп, келесі



жылы қосымша 24 мектеп пайдалануға беріледі. Бұл мәселе келесі жылы толығымен шешімін табады.

– Енді елорда экономикасын дамытуға ойыссақ. Бас қалаға инвестиция тарту барысы қалай?

– Елорданың инвестициялық ахуалы жаман емес. 2022 жылы қалаға келген инвестиция көлемі 1,5 трлн теңгені құрады.

Биылғы бірінші тоқсан нәтижесі бойынша қаланың экономикасына тартылған инвестиция көлемі былтырғыға қарағанда 20 пайызға артып отыр. Көріп тұрғанымыздай, инвесторлар қаламен белсенді жұмыс істеп жатыр. Олар қаладағы инвестициялық климатқа сәнді.

Инвестицияның негізгі бөлігі - құрылыс индустриясына, қалғаны өндіріс және басқа салаларға тиесілі. Бір қуантағыны, бүгінде денсаулық, білім беру салаларына құйылған инвестиция көлемі бұрынғы жылдармен салыстырғанда 10 есе көбейіп келеді.

– Сұхбатқа дейін сөйлескенде «әлеуметтік желілерде отырамын, тұрғындардың пікірлерін ескеремін» дедіңіз. Соның ішінде өзіңізге жиі келіп тұсетін арыз-шағымдар



дың үштігіне тоқталсақ.

– Қалада 47-48 мың отбасы тұрғын үй кезегінде тұр. Маған жиі қойылатын сұрақтардың бірі де осы – тұрғын үй мәселесі. Әсіресе, көпбалалы отбасылардың арасында бұл проблема өзекті. Қазіргі таңда осындай 17 мың отбасы кезекте тұр. Жалпы, елордаға келген азаматтардың басым бөлігі осында проблемаларын шешуге келетіні белгілі. Солардың ішінде көпбалалы отбасылар, басқа да мұқтаж азаматтар бар.

Екінші мәселе – құрылыс ұзаққа созылған тұрғын үйлердің, яғни үлескерлердің

санында ғой. Мысалы, 2035 жылға дейін қала халқының саны 2,5-3 миллионға жетеді деп жоспарлануда. Біз елорданы осы цифрларға сәйкес дайындайтын боламыз. Соған байланысты қашан, қандай нысандарды салу керек деген мәселелер қарастырылады.

– Егер қала халқының саны 2,5 млн болса, онда бірінші кезекте не істеу керек?

– Онда бізге қосымша 1 мың гкал/сағ. жылу беру қажет. Ол үшін кем дегенде үш газ стансасын салу керек.

Биыл екінші кәріз стансасының құрылысын бастаймыз. Оны аяқтап болған соң тағы біреуін бастаймыз. Осындай жобалар бар. Жалпы, үлкен қалалардың өмірі осылай жалғаса береді.

– Бұл өзгерістерді енгізер алдында халықтың пікірі ескеріле ме?

– Міндетті түрде ескеріледі. Мен апта сайын елордадағы төрт ауданға барып, олардың тұрғындарымен жиі кездесіп тұрамын. Осындай жүздесулерде олар көп мәселені көтереді. Соның көбі – өзекті мәселелер. Сондықтан, біз қала дамуын жоспарлағанда тұрғындардың ұсыныс-тілектерін міндетті түрде ескеріп отырамыз.

– Қаланы газдандыру мәселесі қалай жүргізіліп жатыр? Ауаның ластануы бойынша қандай шаралар қолға алына ма?

– Ең бастысы – барлық жекеменшік және көппәтерлі тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды газбен жылытуға көшіру. Бүгінде «Сарыарқа» газ құбыры арқылы көгілдір отын Астанаға келді. Біздің жоспарымыз – 12 мың жекеменшік үйге газ тарту. Оның ішінде 8 мың үй көгілдір отынмен жылытуға көшірілді. Жалпы алдағы 3-4 жыл ішінде 15-20 мың үй газдандырылатын болады.

– Қала тұрғындары тарапынан емханаларға тіркелу бойынша шағымдар жиі айтылады. Оны шешу мақсатында қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Расында да, қалада мұндай мәселе бар. Биыл Астанада 2 емхананы іске қосу жоспарда тұр. Сондай-ақ тағы үш емхананың құрылысы келесі жылы аяқталады. Есіл ауданында жеке инвестиция арқылы 3 емхананың құрылысы басталды. Қаланың шетіндегі емханаларды әкімдік өзі салады.

Осыған дейін айтып өткенімдей, соңғы 3-4 жыл ішінде қалада 30 мыңдай бала дүниеге келді. Қазіргі кезде елордада перзентхана жетіспеушілігі

ЖЕҢІС ҚАСЫМБЕК,  
Астана қаласының әкімі:

«Қазір әкімдік 14 мектептің құрылысын жүргізіп жатыр. Оның ішінде 11-ін биыл бітіріп, пайдалануға береміз. 24 мектеп құрылысы басталады. Қосымша жекеменшік мектептер де салынауда. Осылайша, біз алдағы 2-3 жыл ішінде қалада 40 мектеп саламыз. Бұл 100 мың оқушыны орынмен қамтамасыз етеді».



байқалады. Сондықтан, алдағы уақытта Астанада осындай екі үлкен нысан бой көтермекші. Оның біреуін әкімдік, екіншісін министрлік салатын болады. Бұдан бөлек, министрлік үлкен онкологиялық орталықтың құрылысын салып жатыр. Ондағы жұмыстар биыл аяқталады. Алдағы екі-үш жыл ішінде қаланың өсуіне байланысты жоспар бойынша көптеген медициналық нысан іске қосылады.

– Бұдан басқа қалада көлік кептелісі ушығып барады. Тіпті, Алматының көлік кептелісі сияқты деген пікірлер де айтылып жүр. Бас жоспарға сай жолдарда қандай да бір өзгерістер бола ма?

– Иә, әрине, өзгерістер болады. Көлік кептелісінің көбі үлкен магистральдық көшелерде болатыны белгілі. Мәселен, бүгінгі таңда Мәңгілік ел, Тұран, Қабанбай батыр, Бауыржан Момышұлы, Тәуелсіздік даңғылдарында осындай кептелістер жиі болады. Ең басты проблема – қаланы өзен арқылы екі жақты қосу.

Жыл сайын біз бір көпір салуымыз керек. Былтыр бір

көпір салынды. Биыл күзде Тәуелсіздік көшесін жалғастыратын тағы бір көпір салынады. Бұл көпір уақытында іске қосылса, көптеген мәселе шешімін табады.

– Қаланың инфрақұрылымын дамытуда биылғы маңызды жобалар туралы айтып өтсеңіз.

– Биыл сорғы-сүзгі стансасының құрылысы тамыз айына дейін аяқталады. Бұдан басқа 2 газ жылу стансасы, 1 жылу электр орталығының бірінші кезеңі бітеді. Сонымен қатар Тәуелсіздік көпірін атап өтуге болады.

– Жеңіс Махмұтұлы, сұхбатымызды түйіндейтін болсақ, қарағандылық әріптестерден сіздің «журналистерге ашық» екеніңізді естіген едім. Бүгін оған көзім жетіп отыр. Елордалықтар сізге өз шағымдарын жолдау үшін қайда жүгінуге керек?

– Жалпы, әр апта сайын аудан тұрғындарымен кездесемін. Бұл туралы алдын ала ақпарат беріледі. Сондай-ақ бұл кездесу интернетте онлайн-трансляция арқылы көрсетіледі.

Бұдан бөлек, әр жұма күндері сағат 08.30-дан бастап түске дейін жеке қабылдауымды онлайн режимде өткіземін. Бұл аталғандардан бөлек қала тұрғындары Фейсбук, Инстаграмға, жеке парақшама жазып жатады. Яғни, менімен байланысуда ешқандай шектеу жоқ. Келіп түсіп жатқан сұрақтардың көбіне өзім жауап беруге тырысамын.







## АСТАНА ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАМЫЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Экологиялық айлықтың басты мақсаты - қоғам назарын экологиялық мәселелерге аударып, айналаны таза ұстауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосу, сонымен қоса жас ұрпақ арасында экологиялық ойлауды, экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып отыр.

Биыл елордада жапырақты ағаштарды отырғызуға басымдық беріледі. Кешегі өткен сенбілік аясында қаладағы Абылай хан даңғылы, Қажымұқан, Петров, Белекпаев, А-105, Балталы, Алаш тас жолы және басқа көшелердің бойында мыңдаған ағаш отырғызылады.

Қаланы жаппай көгалдандыру экологияны жақсартуға, қала тұрғындары үшін демалыс орындарын ашуға, елорданың климаттық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Соңғы бес жылда Астанада 2,6 миллионнан астам жасыл желек отырғызылды. Биыл да бас қалада миллионға

жуық жасыл желек отырғызылады. Бұл туралы елорда әкімі Жеңіс Қасымбек айтты.

— Елордада көгалды орындар мен жасыл желекті «аралдар» қатары көбейе түседі. Қала ауқымды көгалдандыру жұмысының алдында тұр. Биыл бір миллионға жуық жасыл желек отырғызуды жоспарлап отырмыз. Астананың жасыл белдеуі – қаланың негізгі тынысы, өкпесі. Ағаш отырғызу жұмысы қазірдің өзінде басталып кетті. Бұл жұмысты қаланың барлық ауданында жүргіземіз. Жапырақты ағаштарға басымдық беріледі. Қаламызды көгалдандыру – жайлы өмір сүрудің бір бөлігі. Елордамызды ауқымды түрде көгалдандыру жұмысы алдағы жылдары да жалғасады, – деді қала әкімі.

Бас қалада жыл сайын жалпықалалық сенбіліктер өткізіліп, игілікті шара кезінде қаланы санитарлық тазалау, нөсерлік аулалар мен арық жүйелерін тазарту, көше бойын, жаяу жүр-

гіншілер жолдарын тазалау, саябақтар мен жасыл желектерді күту бойынша маусымдық агротехникалық жұмыстарды жүргізу, заңсыз жерлерде орналасқан қоқыс үйінділерін және ластанған аумақтар жұмыстары жүргізілетін. Қаланың тамаша дәстүріне айналған бұл шара биыл «Жасыл Астана» экологиялық айлығымен үйлесім тауып, еңбек ұжымдарының, қала тұрғындарының күшімен полигонға 555 тоннадан астам қалдық шығарылды. Саябақтар мен скверлерде жалпы ауданы 2,5 млн шаршы метрден астам аумақ жиналды. «Жасыл Астана» экологиялық айлыққа 11 мыңнан астам адам, 200-ден астам кәсіпорындар мен ұйымдар, ПИК және МИБ ұжымдары, шағын және орта бизнес субъектілері және т.б. қатысты.

Айта кетейік, өткен жылы елорда аумағында 600 мың түптен аса ағаш егілген еді. Оның 452 мыңы «жасыл белдеуде» тамыр тартты.

## АРТЫҚ ТӨЛЕМ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Астанада прокуратураның араласуынан кейін электр энергиясы үшін артық төлем жасаған тұрғындарға ақшалары қайтарылып жатыр.

Биыл әлеуметтік желілерде елорда тұрғындарынан электр энергиясы үшін жоғары шоттар белгіленгені туралы жарияланымдар жиілеп кетті. Бұл мәселе қала прокуратурасында уәкілетті органдардың, әкімдіктің және қызмет көрсетушілердің («Астана-АЭК» АҚ және «Астана-энерджи» ЖШС) қатысуымен талқыланды.

Анықталғандай, энергиямен жабдықтаушы ұйымның деректерді қабылдап-жинақтауды тиісті ұйымдастырмауынан тұтынылған электр энергиясының көлемі дұрыс есептелмеген. Көптеген астаналықтарға орташа тәуліктік көлем есептелген. Осылайша есептеу құралдарының көрсеткіштеріне сәйкес абонент

нақты қабылдаған энергия мөлшері үшін энергия төлемін жүргізу туралы Азаматтық кодекстің 488-бабының талаптары бұзылған.

Салдарынан қала тұрғындарына үлкен мөлшерде есепшоттар келген, – делінген Бас прокуратура мәліметінде.

Еске салайық, мән-жайды анықтау үшін қала тұрғындары «Астана-АЭК» АҚ мен «Астана-энерджи» ЖШС-нің табалдырықтарын тоздыруға мәжбүр болған еді.

Көптеген адамдардың құқығы бұзылуын ескере отырып, қала прокуратурасы Бас прокуратура арқылы Табиғи монополияларды реттеу комитетіне қадағалау актісін енгізді. Уәкілетті

орган электр энергиясы үшін негізсіз есептеуге жол берген субъектілерге тексеру жүргізу туралы мәселені қарауы қажет. Бұзушылықтар анықталған жағдайда заңда көзделген ден қою шараларын қабылдайды. Қазіргі уақытта «Астана-АЭК» АҚ бірнеше он мыңдаған абонентке электр энергиясының көлемін қайта бөлді. Есептеулерді түзету жұмыстары жалғасып жатыр және прокуратураның бақылауында, – делінген ведомство мәліметінде.

Айта кетейік, электр энергиясы үшін артық төлем жасаған тұрғындар мен мекемелер Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі қалалық департаментке өз бетімен де жүгіне алады.



## ТАЛАНТТЫ ЖАСТАР ТАРТУУЫ

Астана қаласының Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясында Қарулы күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығының ұйымдастыруымен балалар шығармашылық студиясының есептік концерті өтті.

Бытыр Балалар жылы аясында Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықов Қарулы күштер мен басқа да күштік ведомстволарда қызмет атқаратын ата-аналардың балаларына арналған шығармашылық студия құруды тапсырған болатын. Осылайша хореография, актерлік шеберлік, вокал және домбыра сынды төрт бағытта тегін оқыту ұйымдастырылды.

Аталмыш шараға Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықов, басқа да әскерлер мен әскери құра-

лымдардың басшылары, жас дарындардың ата-аналары қатысты.

Есептік концерт – балалар студиясындағы тәрбиеленушілер мен олардың тәлімгерлерінің, Ұлттық әскери-патриоттық орталығы Орталық ансамблінің педагогтары мен солистерінің шабытты еңбегінің нәтижесі, – деп атап өтті Қарулы күштер Ұлттық әскери-патриоттық орталығының бастығы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арман Асенов.

Жас таланттар көрермендерге әсем әндері мен музыкалық

туындыларын тарту етті. Концертте қазақ композиторларының белгілі шығармалары, халық күйлері орындалды, фольклорлық және заманауи хореографиялық қойылымдар көрсетілді.

«Біз жастарға сенеміз» деген атпен өткен ауқымды шара, расында, болашақ ұрпаққа деген сенімге толы болды. Көрермендерге орасан зор көңіл-күй сыйлаған жас әртістер елорданың үлкен сахнасында тұңғыш рет өнер көрсетіп, алғашқы тәжірибелерін жинады.



## ҚАҢДАС МӘРТЕБЕСІН АЛДЫ

Биыл 4,5 мыңнан астам этникалық қазақ қандас мәртебесін алды. Олардың 52,4%-ы Өзбекстаннан, 19,3%-ы Қытайдан, 6,3%-ы Түрікменстаннан, 5,3%-ы Моңғолиядан, 13%-ы Ресейден, 3,7%-ы басқа елдерден келген.

Қандастар, негізінен, Алматы (27,9%), Маңғыстау (13,9%), Түркістан (6,8%) және Жамбыл (5%) облыста-

рына, сондай-ақ сондай-ақ Алматы (9%), Астана (11%), Шымкент (6,5%) қалаларына қоныстанды.

Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 111,1 мың этникалық қазақ оралған.

## 32 МЕКТЕПКЕ АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті білім беру ұйымдарына мониторинг жасап, 40 мектептің лицензиясыз жұмыс істегенін анықтады. Оның ішінде 30 мемлекеттік және 10 жекеменшік мектеп бар.



Лицензиясыз жұмыс істеген мектептердің дені – Астана, Алматы қалалары мен Батыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Жетісу және Маңғыстау облыстарында. 32 мектепке қатысты әкімшілік іс қозғалып, лицензиясыз қызмет үшін айыппұл салынды. Оның 23-і – мемлекеттік, 9-ы – жекеменшік мектеп.

Лицензияның жоқтығы мектептің сәйкестік тексеруінен өтпегенін немесе рұқсат алу үшін құжаттар тапсырмағанын білдіреді. Оннан аса мектепте санитарлық-эпиде-

миологиялық қорытынды және төтенше жағдай актілері жоқ.

Бұл балалардың денсаулығы мен жайлылығына қауіп тудыруы мүмкін. 14 мектепте материалдық-техникалық база білім берудің заманауи талаптарына сай келмейді, білім беру инфрақұрылымы, білікті педагогикалық кадрлармен толық жабдықталмаған, ұйымдастыру жұмыстары да дұрыс жолға қойылмаған бұл білім беру сапасын кері әсерін тигізеді, – деді комитеттің рұқсат беру саясаты басқар-

масының басшысы Жұлдыз Әуезханова.

Айта кетейік, лицензиясы жоқ мектептер білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды, яғни негізгі және жалпы орта білім туралы аттестаттарды бере алмайды. Лицензиясыз жұмыс істейтін барлық мектептерге қатысты әкімшілік істер көзғалды. Бүгінгі таңда аумақтық департаменттерге лицензиясы жоқ мектептерге қатысты тиісті шаралар қабылдау тапсырылды, өңірлердің әкімдіктеріне тиісті хаттар жолданды.





## БАҒА НЕГЕ НЕГІЗСІЗ ӨСЕДІ?

Жуырда ғана Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жаңабаев елордада азық-түлік бағасының қымбаттығына қандай факторлар әсер етіп отырғанын атады.

### Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

«Азық-түлік бағасының өсуіне, негізінен, делдалдық схемалар әсер етіп отыр. Бұл жерде азық-түлік өндірушілер бағаны көтеріп жатпағанын айту керек. Бағаны делдалдар көтереді. Солар бағаны 50 пайызға дейін қолдан қымбаттатады. Бүгінгі таңда бұл бағытта өңірлік комиссиямен бірге жұмыс жүргізіп жатырмыз» деді ол баспасөз конференциясында. Айтуынша, аталған комиссияның 21 отырысы өткен. «Оның 9-ы көшпелі комиссия болды. Сондай-ақ саудадағы үстемесі 15 пайыздан асырмауға бағытталған заңды шараларды түсіндіру жұмысын жалғастырамыз» деді Мақсат Жаңабаев.

Саудадағы үстемесі 15 пайыздан аспауы тиіс. Бағаны негізсіз өсірген делдалдарға, жалпы құқық бұзушылық жасаған адамдарға ескерту берілген. Егер ол қайталанса, айыппұл салынады.

Қош делік. Қазір біз астананың ірі дүкендерінің біріндеміз. Бал, қаймақ, шұжық деп ұртымызды майламай-ақ, күнделікті керек заттарды қазір алып, бағасын есептеп көрейік. Жұмыртқа, ұн, макарон өнімдері, нан, сұйық май, сүт, тауық еті – осының өзі 10 мыңнан асып тұр қазір. Бұрын нан, ұн, макаронның өзін мың теңгеге алсақ, қазір ол ақшаға сапалы 1 шай ғана аласыз.

Қымбатшылық шектен шығып барады. Тапқанымызды тамаққа жаратамыз дейді тұрғындар. Шындығында да солай. Бар тапқаның тамақ алуға кетеді. Тіпті қазір Kaspi Red-пен қажетті қызмет көрсету саласын алсаң тіпті жылағың келеді. Қанша қымбат болса да шаш қию керек, бояп, сан салонына баруға тура келеді. Шаштараз және сұлулық салоны қызметінің бағасы ұдай қымбат.

2022 жылдың соңындағы мәліметтерге қарап өтейік. Қараша-желтоқсан айында шаштараз және сұлулық салоны қызметі бір айда 1,8 пайызға қымбаттады, бұл – соңғы уақыттағы ең жоғары көрсеткіштің бірі. Биыл шаштараз және сұлулық салоны қызметі бағасының ор-

таша айлық өсімі 1,4 пайызды құрады, ал 2011-2021 жылдар кезеңінде сектордағы қызметтердің орташа айлық өсімі небәрі 0,6 пайызды көрсетті. Жыл басынан бері шаштараз және сұлулық салоны қызметі бағасы рекордтық 16,2 пайызға қымбаттады. Жаңа жылдық корпоратив кештері мен басқа да мерекелер тойланатын осы желтоқсанда тағы бір антирекорд тіркеледі, бұл да жылдық көрсеткішке теріс әсер етеді деп болжауға болады. Өткен жылдың қараша айымен салыстырғанда шаштараз және сұлулық салоны қызметі бірден 17 пайызға қымбаттады. Атап айтқанда, бір жыл ішінде ерлердің шаш қию бағасы бірден 21,5 пайызға, әйелдер шашын қию 16 пайызға қымбаттады. Маникюр мен педикюр бір жылда сәйкесінше 18,8 және 10,5 пайызға, эпиляция 8,6 пайызға қымбаттады.

Қарапайым мысал келтірейін. Мен баратын «Mix Color», қазіргі «Global Beauty Academy» сән салоны бұрын оң жағалауда еді, қазір «Нұрсая-1» тұрғын үй кешеніне көшіп келгенде, жұмыс орныма жақын деп қуанып қалғаным рас. Қуанышым ұзаққа бармады. Алдында шашымды 10 мыңға шебер бояп, қажет десем, шаш бояған соң тегін бұйралап беріп жүрді. 10 мың да аз ақша емес, одан келесі барғанымда 12 мыңға бағаны көтерді, оған үндемей мақұл дедім. «Шашты сапалы, жақсы бояумен бояған дұрыс қой» деп оған да көндім. Ал жақында ғана бір мерекелік шара алдында шашымның түптерін боютып алайын деп барсам, менен 17 мың сұрап, қарап отыр...

Ең қызығы, маған бағаны қымбаттататыны жөнінде алдын ала ескерткен жоқ, салон иесі Дарья атты бойжеткенге қай жерге шағымдансам да менің талабым дұрыстығын ұзақ айтып, жазғаннан кейін дәлелдеп шықтым. Кешірім сұрағандай етіп жауап қайтарды, бірақ бағаны арзандата алмайтынын айтты. Мен де тұтынушы ретінде құқығымды төмендеткен залонға енді бармайтынымды жеткіздім. Әрине, салон көп, біреуін табармын-ау, бірақ кәсіпкерлердің қарапайым халықтың қалтасын қағып жатқанына ішім ашыды. Мұндай мысалдар елде миллиондап саналады. Адамдардың құқығын қорғап, жаны ашып жатқан осы салаға жауапты органдардың нақты әрекетін көре алмай тұрмын. Тексеру, бақылау жоқтың қасы.

Ал енді жеке кәсібін бастаған кәсіпкерлерді тексеруге болмайтын Президенттің Жарлығы бар екенін білесіздер. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап үш жыл мерзімге (ол мерзім тағы 1 жылға созылды) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілеріне барумен тексеруге, профилактикалық бақылауға және қадағалауға жарияланған мораторий күшіне енді.

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, мораторий күші тұрғындардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, заңнамалық пен қоғамдық тәртіпке қауіп төндіруі мүмкін заң бұзушылықтардың алдын алуға немесе оларды жоюға бағытталған тексерулерге қатысты болмайды. Сонымен қатар конституциялық құрылым мен ұлттық қауіпсіздікке тікелей немесе жанама қауіп төндірген жағдайда күші жүрмейді. Мұндай жағдайда тексерулер бақылау және қадағалау органының бірінші басшысының шешімінің негізінде жүргізілетін болады.

Сонымен қатар, егер кәсіпкер өз қызметіне қатысты бастамашы болса, сондай-ақ Қылмыстық-процессуалдық кодексте қарастырылған негіздер бойынша тексерулер жүргізіле алады.

Өз жұмысы барысында кәсіпкерлік субъектілері ел заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауы, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің қауіпсіздігін, сапасын қамтамасыз етуі тиіс. Бұл міндеттемелерді кәсіпкерлік субъектілері мораторий кезеңінде де сақтауы керек.

Мораторий деген соң шағын кәсіп иелері, оның ішінде жаңағайдай шаштараздар, сән салондарының иелері қалаған бағасын қойып, тұтынушылардың қолын байлауда. Оларды тексеріп, бақылап жатқан ешкім жоқ. «Қазаншының еркі бар қайдан, құлақ шығарса да» дегендей, әркім білген бағасын қойып жатыр.

Мемлекет басшысы жақында ғана Парламентте сөйлеген сөзінде «Ел мүддесі үшін қызмет ету қажет. Бұл – Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деген қағиданың тағы бір көрінісі» деген болатын. Халықтың бір өкілі ретінде тиісті орындардан құқығымыздың қорғалуын, бағаны қалайда ауыздықтау үшін шұғыл іс-шаралар қабылдауы керектігін тағы да айтқымыз келеді.

## КӨКЕК ҚАШАН ҚАЙТА КЕЛЕДІ?

Қазақта жылды он екі мүшел бойынша атау кең етек алған. Күлтегін ескерткішінде «Күлтегін қой жылының он жетісі күні ұшты» деп жазылғанын ескерсек, он екі мүшел бойынша жыл санау қазақ халқына сонау көк түрік заманынан, тіпті одан да әрі дәуірлерден жалғасып келеді.

### Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қазақтың қазіргі ай аттары мен амал аттары өзара араласып, өзге тілден енген ай аттарымен де кірігіп кетті. Мәселен, қазақтар бұрын ежелгі халық күнтізбесінде қыркүйек айын мизан, қазан айын желді, қарашаны үштің айы, желтоқсанды тоқсан деп атаған, қалған айлар бірдің айы, ақпан, тоқпан, көкек деп жалғасқан. Сол көкек айы қазіргі қазақ тілінде араб тілінен енген сәуір

де содан. Бұл арада ескере кететін бір жайт, сәуір сөзі араб тілінде ай атын білдіргенмен, қазақ тілінде амал аты және тұн, таңсәрі деген тақырыппен жазған мақаласында Хасенғали зауза, сәуір деп аталатын ай аттарының қазақы дәстүрлі атауы өз айы, отжакпас айы аталғанын тілге алады. Міне, осылардың бәрін жинақтасақ, қазақ халқы ай атын белгілеуде көкек, мамыр,

Жүсіп «Айды айырмаған – амалды білмейді» деген мақаласында мынадай дерек келтіреді. «Қазіргі қолданыста жүрген ай атауларының ішінде саяси сипатпен «еніп» кеткен бір ай бар. Ол – сәуір айы. Бұрынғы қазақ бұл айды «көкек» деп атаған. Осы көкек қалайша сәуір болды? «Егемен Қазақстан» газетінде Шерхан Мұртазаның басшылығында қызмет істеп жүрген кезіміз. 1990 жыл. Компартия бар. «ЦК»-дан Шерағаға бір кісі телефон соқты. Шерхан Мұртаза газеттің кезекті нөміріне «көкек айы» деп белгілеп қой-



сөзімен алмасса, араб тілінде шілде айы немесе шіліңгір ыстық деген ұғымды білдіретін тамыз сөзі шаршаның (кейде сарша тамыз деп те қолданады) орнын басты.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» тоқпан сөзіне наурыз деп анықтама беріліп, бір жылдағы ай есебі ретінде отамалы (маусым), сарша, тағыз, қыркүйек, желді (үлес), қараша, тоқсан (желтоқсан), қаңтар, ақпан, тоқпан (наурыз, екіағайынды), көкек (сәуір), мамыр деп анықтама берген.

XIII ғасырдағы түрік халықтарындағы ай аттарын француз ғалымы Луи Базен бейлай тізіпті: хуби (үлес), улару (ұллар), көкегу (көкек), бугу (бұғы), қоша (қошқар), өвжин (бәбісек), еури (ұя басар), құлан жуда (жұт), еку боран айы (үлкен боран).

Демек, қазір біз сәуір деп атап жүрген апрель айын қазақ бұрын көкек айы деп атаған. Бұл атау Шоқан Уәлиханов пен Г.Потаниннің еңбектерінде кездеседі. Қазақ халқының күнтізбесін зерттеген орыс ғалымы Б.Куфтин айдың көкек атауын көк-көк деген сөзбен байланыстырып қараған, яғни көкек сөзі «көк әлі көк», «өсіп жетілмеген» деген мағынаны білдіреді деп жорамал жасайды. Бұл ғылыми жорамалдың негізі бар, себебі тілімізде «Көкек айы – көк ішек, мамыр айы – май ішек» деген тәміс бар. Көкек айында жер көктеп, мал көкке тойғанын меңзегені. Керек десеңіз, бұл айдың атын жыл құсы – көкектің шақыруымен байланыстыруға да болады. Себебі сәуір – төртінші айдың арабша атауы. Жылдың бұл мезгілінде мал төлдеп, жер бусанып, қытымыр қыстың қиыншылығы ұмытылып, жан-жануар жадырап сала береді. Қазақтың «Сәуір болмай тәуір болмас, өз келмей жаз келмес» деп тәмісдейтіні

отжакпас, отамалы сынды 29 түрлі, тіпті одан да көп ай атын қолданғанын байқаймыз. Бірақ олардың арасындағы кейбір аттардың нақты қайсысы айдың аты екенін дөп басып айту өте қиын, тіпті жыл басы болатын айдың аты отамалы ма, өз ба, көкек пе, аражігін қазір ешкім ажырата алмайды. Қысқасы, көкек Кеңес Одағы кезінде саяси мақсатпен сәуірге өзгеріп кеткен. Неге?

Сәуір араб тілінде «өгіз» деген мағынаны білдіреді. Жүлдіз айлары бойынша «Торпақ шоқжұлдызының» атауы болады. Қазақ тіліне ай аты ретінде бұл атау 90-жылдары қолданыла бастаған. Осы бір өзгерістің куәсі болған белгілі журналист Марат Тоқашбайдың мынадай естелігі бар: «1990 жылы 24 апрельде арнайы заңмен Қазақстанда президенттік билік енгізілді. Тура сол күнге Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің органы «Халық кеңесі» газетінің алғашқы саны жарық көреді. Бұрын «апрель» сөзі қолданыла беретін. Компартияның қылышынан қам тамып тұрса да жаңа басшылар ай аттарының қазақша берілгенін көңілі қалап тұр еді сол кездері. Алайда бір аптадай ғана бұрын Орталық Комитеттің апрель пленумы өткен. Оны қалай жазамыз деген журналистердің ойы сан-саққа жүгіреді. «КПСС Орталық Комитетінің көкек пленумы» десең ыңғайсыз. Содан газеттің бас редакторы Сарбас Ақтаев оның жолын табады. «Сәуір пленумы» дейік деп алғаш қолдана бастайды. Одан соң осы тіркестегі «сәуір» сөзі біртіндеп барша басшыларға ауысқан екен. Одан кейін «Орталық Комитет» те, «пленум» да жойылды. Бірақ қазақша ай аттарының ішінде көзге шыққан сүйелдей боп арабша «сәуір» сөзі қалып қойды.

Осы тақырыпты індете жазған журналист Нұртөре

ған. Редакторымыздың қабағы түйіле түсті. Телефонның дауыс күшейткішін іске қосқан Шераға бізге «тыңдаңдар» деген ишара белгірді.

– Сонда көсеміміз Лениннің «Апрель тезистері» дегенін «Көкек тезистері» дейміз бе? – деді ар жақтағы кісі дауысын нығарлап.

– Бұл ертең елдің күлкісін тудырады ғой. Көкек емес, сәуір болсын! Газетке солай көрсетіңдер... Сонымен, «Егеменнің» реттік көрсеткішіне «сәуір» деп жазылды. Бұдан кейін қанша уақыт өтсе де, бұл атау өзгеріске түскен жоқ, – деді ол.

Қазақстан компартиясы ОК-нің хатшысы болып тұрған уағында Өзбекәлі Жәнібеков: «Сонда Лениннің «Апрель тезистері» – «Көкек тезистері» дейміз бе?» деген уәжді алға тартып, «көкек» атауын ысырған да, тастаған».

Дегенмен көшпелі бабалардың «Сәуір болмай, тәуір болмайды» деген сөзді ерте-ректте айтқанын еске түсіріп, сәуір сөзі кеше ғана қолданысқа енгені жайында дәлел айтады. Бірақ бұл арадағы «сәуір» атауы, жоғарыда айтқанымыздай, ай аты емес, амал атауы екенін ескерген жөн. Сәуір амалы өтпей, сәуірік (үйірге енді қосылған 3-4 жасар айғыр) пішуге де болмайды. Себебі аяқ астынан ауа райы бұзылып, қарлы боран соғуы мүмкін. Ел ішінде осы амалды «қырық сәуір» деп те атайды. Қазақ тіліндегі «Сәуір болмай, сайран болмас, Сайран болмай, айран болмас», «Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе көк дүркірер», «Сәуірдегі жауын – сауып тұрған сауын», «Сәуір жақсылығына бақпаса алпыс күн», «Сәуір болмай, тәуір болмас» деген мақал-мәтелдер – соның айғағы.

Тәуелсіздік алғалы 30 жылдан асты. Көкек қашан келеді?



№42 (4475) 11/04/2023 Сейсенбі

**Б**ейбарыстың толық аты-жөні мынадай: әл-Малик аз-Заһир Рухн ад-дин Бейбарыс әл-Бундақдари. Біздің көптеген мәмлүктанушы ғалым-зерттеушілеріміз оның атын кейде Байбарыс, кейде Бибарыс, кейде Бейбарыс деп жазады. Тіпті Құлпатша деп жазғандары да кездеседі. Бірден айта кетейік, Бейбарыс бабамыз құл болған жоқ, ендеше Құлпатша деу әруағын қорлау деп есептейміз (бұл жайынан кейінірек тоқтала айтамыз). Алдағы уақытта аңыз бабамыздың есімін бір ізге түсіріп, барлық жазбаларда бір қалыппен жазу жағын ойластырсақ құба-құп болар еді.

Араб әлеміне аңыз болған баба өмірін қазбалай бастасақ, көптеген тарихи-ғылыми еңбектер жазылғанына қарамастан, күнгірт тұстары әлі де баршылық. Сол замандардағы араб елдері тарихшыларының жазбаларын былай қойғанда, осы күнгі өзіміздің бейбарыстанушылардың (мәмлүктанушылар) да жазған еңбектерінде әртүрлі пікір қайшылықтары көптеп кездеседі. Мәселен, Болат Көмековтің «Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам», Мұрад Аджидің «Полынь Половецкого поля», С.Ақынжановтың «Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы қыпшақтар», Мұхтар Мағауиннің «Шыңғысхан» (соңғы томы), Бүркіт Аяғанның «История улуг-улуса – Золотой орды», Қайрат Сәкідің «Қыпшақ мәмлүктер», Бақытты Батыршаулының «Мысыр Мәмлүк мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғғ.», Қайрат Лама-Шәріптің «Әрбір мәмлүк – жалғызым», т. б. тарихи-танымдық, ғылыми-көпшілік еңбектерінде бірізділік байқалмайды. Осыған сәйкес Морис Симашконың «Емшан», Ермек Тұрсыновтың «Мәмлүк», Рахымжан Отарбаевтың «Сұлтан Бейбарыс» (пьеса) секілді көркем туындыларында да дереккөздер әртүрлі баяндалады. Бірақ бұған қарап сұлтан Бейбарыс өмірі мен қоғамдық қызметі дұрыс зерттелмей отыр деуге болмас, тарихи жазбаларда қай кезде де осындай пікір әртектілігі орын алып отырған, осылайша бірте-бірте шындыққа жақындай түсеріміз тағы да ақиқат.

Сұлтан Бейбарыс қандай еңбегімен қадірлі? Осы бағытта аз-кем ой толғап байқасақ, оның атқарған жұмыстарын екі салаға бөліп қарастырған орынды сияқты. Біріншісі – азаматтық-тұлғалық қырлары: әскери қолбасшы, сұлтан және қайраткерлігі. Екіншісі – рухани-имани қырлары: адамдық келбеті мен инабат-мәдениеті.

Біз бүгінгі шағын мақаламызда сұлтан Бейбарыстың өмір жолына бастан-аяқ үңіліп, азаматтық-тұлғалық келбетіне талдау жасап жатпаймыз, ол жайынан тарихшы-зерттеушілер аз жазып жатқан жоқ және жаза да бермек. Мұнда, негізінен, бабамыздың имани-инабат немесе руханият саласында атқарған нәзік еңбектеріне тоқтала айтып, сол жайынан аз-кем ой бөліспекпіз.

\*\*\*

Бейбарыс сұлтан, бірқатар деректерде нақтылап көрсетілгендей, жастық шағын Қыпшақ даласында өткергені, кішкене есейе келе араб саудагер-делдалдарына ілесіп, Мысыр аймағына барғаны дауды тудырмайды. Алайда елден жырақ осынау ұзақ жорыққа аттанғанда кімге арқа сүйеді, қандай мақсат ұстанды және өзінің бас еркіндігі болды ма деген сауал әлі де сана кеңістігінде кес-кестеп тұрып алады. Бірқатар зерттеушілер оны «құлақкесті құл боп барды» десе, екінші бір дерек көздерінде (олар көп емес) «жоқ, құл емес, өз еркімен арабтардың арнайы әскери жасағына барып қосылып, болашақ сарбаз әзірлейтін ортаға



## ТАРИХ ТӨРИНЕН ОРЫН АЛҒАН

Сұлтан Бейбарыс (1223-1277) бабамыздың туғанына биыл 800 жыл толып отыр. Айтулы оқиға, елеулі оқиға! Ал мұны елемей, үнсіз өткеріп салу жалпы елдігімізге сын болары айтпаса да түсінікті. Әлбетте, қазақ елі бұған ерекше мән беріп, өзімізде де, Мысыр топырағында да үлкен іс-шаралар өткізудің қамына кірісіп те кеткен сыңайлы. Бұл – жақсылық нышаны! Бейбарыс сұлтан – қай қырынан алып қарасаңыз да, артына ауыз толтырып айтарлық толымды-толымды істер қалдырған аңыз адам. Қатардағы сарбаздан қолбасшыға дейін көтеріліп, одан сұлтандық таққа отырғанын, сөйтіп тарих төрінен нәм ел жадынан ойып тұрып орын алған абырой-атағын бізден гөрі араб елінің зиялы қауымы көбірек бағалап келе жатқанын да аңғаруға болатындай.

түсті» деп көрсетеді. Көңілге қонатыны – екінші пікір! Неге? Біріншіден, шынмен де, біреуге тәуелді болып барса, құл ретінде сатылса, ондай адамның бас еркіндігін алуы, алса да сұлтандық биік таққа көтеріле қоюы екіталай. Екіншіден, бірен-саран тарихшылар атап жазғандай, Ніл өзенінің төңірегінде арнайы жасақ әзірлейтін әскери орын болғаны рас болса, онда сол жасақ тобына өз келісімімен келіп қосылуы шындыққа жарасымды. Және мұндай жағдайда Бейбарыс еркін-еркін қимылдап, өзін-өзі көрсетіп, қолбасшылыққа дейін көтеріліп, ақыр соңында Мысырдың билеушісі болуы – ақиқаттың шырағы іспетті. Десе де, осы жерде бұл шетін мәселені кішкене көгендей тұрып, аргы жағын тарихшы-зерттеушілерімізге қалдырып, маңызды тақырыпқа – Бейбарыстың ұланғайыр Қыпшақ даласынан ұзап шығып, Араб еліне, ислам діні барынша қанат жайып, өркендеп тұрған жерге жақын барып, бүкіл дүниетанымына өзгеріс енгізгені жайына ойысқымыз келеді. Мұны нақтылап жазып жатқанымыздың себебі – оның өмір сүру дағдысы, азамат болып қалыптасуы мен наным-сенімін ислам дінімен тығыз байланыста қарастыру керек екенін айта отырып, осы төңіректе өз ойымызды шегелей түсу.

Ол сұлтандық биік мансапқа жеткенше қаншама ауыр, тайғақты жолдардан өтті, өмір сынағында ысылды, болашағына айқын бағдар алды. Өмірде жинақталған тәжірибе, қалай десек те, кісінің тағдырына да әсер етпей қоймайды. Мысырда, Шамда әскери қолбасшы болып жүрген кезеңдерде екі бірдей үлкен оқиға орын алды. Оның біріншісі – 1250 жылы француз крестшілері жасаған, тарихта әл-Мансұр шайқасы деген атпен жазылып қалған атақты шабуыл. Француз королі

“

Бейбарыс сұлтан, бірқатар деректерде нақтылап көрсетілгендей, жастық шағын Қыпшақ даласында өткергені, кішкене есейе келе араб саудагер-делдалдарына ілесіп, Мысыр аймағына барғаны дауды тудырмайды. Алайда елден жырақ осынау ұзақ жорыққа аттанғанда кімге арқа сүйеді, қандай мақсат ұстанды және өзінің бас еркіндігі болды ма деген сауал әлі де сана кеңістігінде кес-кестеп тұрып алады. Бірқатар зерттеушілер оны «құлақкесті құл боп барды» десе, екінші бір дерек көздерінде (олар көп емес) «жоқ, құл емес, өз еркімен арабтардың арнайы әскери жасағына барып қосылып, болашақ сарбаз әзірлейтін ортаға түсті» деп көрсетеді

IX Людовиктің өзі бастап келіп, Мысыр мен Шамды жаулап алмақшы болғанда, олардың жойқын күші бар армиясына қарсы тұрып, төтеп берген Бейбарыс пен оның серігі, атты әскер қолбасшысы Қалауынның жасағы еді. Әлбетте, олар Мысырдың сол кездегі билеуші сұлтаны Құтыздың қолдауына сүйенді. Соғыстың жайы белгілі, қанды қақтығыста сөзсіз адам шығыны болады, қалалар қиратылады, қасиетті орындарға зақым келеді. Бұған дейін дал мұңдай сұмдық жеңілісті бастан кешпеген, ешбір шайқаста беті қайтып көрмеген француз армиясы, өкінішке қарай, осы жолы оңбай соққы жеді. Тіпті, армиясының жеңіліс тапқаны өз алдына, ақыр соңында король IX Людовик Бейбарыс қолбасшының қолына тұтқын болып түсті.

Осынау тарих беттеріне жазылып қалған қанды қырғынның негізгі себептері мен қалай басталып, қалай аяқталғаны – өз алдына бөлек әңгіме. Бөлек баянның тақырыбы.

Бұл жерде біздің айтпағымыз – соғыста Бейбарыс қандай әскери

да елге дабыра етпей, тездетіп қимыл жасағаны. Мысырлықтар ақылдаса келе, сол олжа-дүниенің бір бөлігін қираған үйлер мен қасиетті орындарды қайта қалпына келтіруге жұмсайды, қалған бөлігін ері соғыста шейт болған отбасыларға таратып береді.

Бабамыз Бейбарыстың жаны таза, жүрегінде мейірімі мол, ізгілікке барынша құштар жан болғанын дәлелдей түсетін мұндай тарихи деректер баршылық.

Құтыз сұлтан екі жылға жетер-жетпес билік құрып, кенеттен қайтыс болады. Тарихи жазбаларға сүйенсек, Шыңғыс ұрпағы – Құлағу армиясымен Шамға жақын маңда болған, 1260 жылғы ұлы шайқастан кейін, басқыншы жасақты тізе бүктірген соң, Құтыз Мысырға азғана сарбаздарымен асығыс қайтып кетпей ме! Олар сол жолы Мысыр шаһарына аман-сау жете алмады, жолда жол торыған қанішерлер қолынан өлім құшты. Алайда кейбір деректерде Бейбарыс Құтызды өзі өлтірген деген деректер жазылған. Сенімсіз дерек! Біздіңше, бұл жерде ел ішіне әдейі таратылған ауызекі әңгіме себеп болуы ықтимал. Ал жалпы Құтыздан соң сұлтандық таққа Бейбарыстың отыруы осындай келеңсіз әңгімеге жол ашуы әбден мүмкін. Осы орайда Құтыз сұлтанның өлімінің ақ-қарасын тағы да тереңірек анықтай түсу тарихшы-зерттеушілеріміз үшін маңызды міндет болып қала бермек. Біздің айтпағымыз басқа. Құтыз сұлтан қаза болған соң, сұлтандық таққа көпшіліктің қалауымен келіп отырған Бейбарысты жалпы халық қолдағанымен, кейбір теріс пікірлер мен қарсыластар тобы пайда болып, қайта-қайта шу көтеріп жатты. Соның бірі Дамаск набиы Санжар бек болды, ол Бейбарыстың сұлтан болғанына ашық қарсылық жасады, тек өзі ғана емес, айналасына жақтастарын топтастыруға жанталасты. Ондай қырсық мінез жанның

Бейбарыс сұлтанның қолынан оп-оңай келетін-ді. Жездітеріне тапсырма берсе, бәрі де бір-ақ күнде бітіп жатыр. Десе де біріншіден, Санжар бектің ел ішіндегі беделі, абыройы мен жеке басындағы ақыл-парасатын тиісінше бағалады. Екіншіден, оның басын алып, қара халық алдында қанішер болып көрінгеннен не пайда таппақ? Ертеңгі тарихта қанішер сұлтан деген атпен қалу ақылдың, парасаттың ісі ме? Онда көп қарақшыдан айырмасы қайсы? Сол себепті де сұлтан оның бұл керітартпа қылығына мейлінше шыдаммен қарап, райынан бейбіт жолмен қайтару үшін көп уақыт дегеніне көнгені, ақыр соңында күш қолданып, тәубесіне келтірсе де, бәрібір іште кек сақтамай, бір үлкен қамалдың коменданты етіп тағайындап қоюы көңіл кеңдігі мен адами қасиетін байқатпай ма?! Бұл ғана емес, Бейбарыс сұлтан кезінде өзіне адалдық жолын нұсқап, ұстаздық жасаған Айттегін бекті де ұмытпай, оған Шам шаһарынан беделді қызмет тауып берген. Тіпті ұстазының ұстазы, жас ұлғайған Яғмур бекке де тиісінше құрметін аямаған, хал-жағдайын біліп отырған делінеді тарихи жазбаларда.

Осы деректердің өзі әскери қолбасшы, сосын сұлтан болған кісінің адами қасиеті мен жүрегіндегі мейірімінің хабар беретіндей. Ал мұндай мейірімді Бейбарыс кейінірек молынан көрсетті, әсіресе ислам діні кеңінен тараған, дінге шын ниетімен бас ұрған, солайша Жаратушыға деген шексіз ықыласы мен құрмет сезімін білдірген, иманға ұйыған елде өзінің ізгілік пен ілтипатқа иек артқан ұстанымынан айныған

(Жалғасы бар)

**Жолтай ӘЛМАШҰЛЫ,**  
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

## ЯСАУИ МҰРАСЫН ДӘРІПТЕЙДІ

Жақында Ұлттық академиялық кітапханада белгілі ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Айдар Абуовтың «Қожа Ахмет Ясауидің дүниетанымы» және «Духовное наследие Яссауи» кітаптарының тұсаукесер рәсімі өтті. Салтанатты рәсімге белгілі қоғам қайраткерлері, ғалымдар, ҚМДБ өкілдері және студенттер қатысты.



«Көкжиек-Горизонт» баспасынан шыққан кітапта қазіргі қазақ халқымен қатар бауырлас түркі халықтарының өзіндік санасының тарихи және рухани тамырларын зерттеу бойынша зерттеу жүргізілген. Еңбекте әр халықтың ата-баба тамырын, рухани кодын түсінуге және сол арқылы өзіндік ұлттық сана-сезімін нығайтуға бағытталған тарихи оқиғалар баяндалады. Ұсынылған кітапта ұлы түркі ағартушысы, ислам дәуірінің ақыны, ойшлы Қожа Ахмет Ясауи рухани мұрасының негізгі ережелері ашылған.

Автор ортағасырлық Түркістан дәуірінің суретін және ислам мәдениетін уағыздаушылар түркі мектебінің көрнекті негізін қалаушы тұлғасының рөлін қайта жасайды. Кітапта біз исламға дейінгі идеялар мен мифтерден жаңа дүниетаным мен ортағасырлық философияға дейінгі рухани өзіндік сананы қалыптастыру процесі қалай жүзеге асырылғанын көреміз. Бұл трансформациядағы шешуші рөлді дайындаған мұғалім – тәлімгерлердің жаңа тұжырымдамасы мен мектебін құрған Ахмет Ясауи атқарғаны баяндалады. Ғасырлар бойы Ясауи тұжырымдаған тұжырымдама негізінде Тұран кеңістігінде исламның таралуына ықпал еткені айтылады.

«Ясауи – ойшыл, ақын, ағартушы. Ясауи – пассионари. Ол үшін бүкіл өмірін, жанын да, тәнін де құрбандыққа арнады. Мектеп ашты, білім үйретті, оқу, жазу, адамды тану, кемелдендіру жолын жасады. Әмір Темір Әзірет Сұлтанмен шәкірттен білім таныды, сондықтан ұлы ұстазына арналған әлемдегі ең үлкен зәулім кесене салдырды. Ясауи ілімі Қазақ хандығы қалыптасуы, қазақ ұлт, халық болып бірігуі, тіліміз енді қазақ деп аталған заманда ерекше белсенді рөл атқарды. Осы құбылыста Ясауи мен оның шәкірттері насихатшы рөлін атқарды. Ясауи ілімі бүгінгі еліміздің жағдайының жаңаруына жол бағыттады» дейді автор.

Кітап Қожа Ахмет Ясауи өмірі мен еңбектеріне және қазақ халқының рухани мұрасы мен таңымна қызығушылық танытқан барша оқырманға арналған.



## ТЕРГЕУ ҚЫЗМЕТІ: АЛПЫС ЖЫЛДЫҚ АСУ

Бүгінгі таңда астаналық тергеу бөлімі департаментінде өздеріне жүктелген міндетті кәсіби түрде атқара алатын білікті мамандар жұмыс істейді. Тергеу бөлімшелерінің қызметкерлері еліміздің заңын, қоғам мен мемлекет мүддесін қорғайды. Қылмыстық тұрғыдан жазаланатын іс-әрекет жасағандарды жауапкершілікке тартып, күрделі тапсырмаларды орындайды.



Айгүл УАИС

Өткен жылы елордалық тергеушілер 120 қылмыстық істі аяқтап, мүлікті тәркілеуді есепке ала отырып, 5 млрд теңге, яғни мемлекетке белгіленген шығын сомасының 70 пайызын өтеді. Бұл – құрылғанына 60 жыл толып отырған алдын ала тергеу органдары қызметінің бір көрінісі ғана. Егер қызметтің басталу тарихына көз жіберсек, онда Қазақстанда тергеу органдарын құру тарихының бастапқы нүктесі – КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1963 жылғы 6 сәуірдегі Жарлығы. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін бұрынғы патшалық құқық қорғау жүйесі толығымен жойылды. Сот туралы қаулы қабылданып, оған сәйкес аса күрделі істерді тергеуді аудандық соттардың тергеу комиссиялары жүргізді. 1928 жылғы 3 қыркүйекте тергеушілер соттардың бағыныстылығынан

шығарылып, прокуратура басқаруына берілді. Алайда прокуратура органдарындағы қылмыстық істердің ауқымдылығына байланысты алдын ала тергеу функцияларының айтарлықтай көлемін көбінесе анықтау органдары орындауға мәжбүр болды. Сондықтан 1963 жылы тергеу жүргізу құқығы ішкі істер органдарына берілді. 1995 жылы Қазақстанда алдын ала тергеудің күрделі реформасы жүргізілді, соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қазандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті құрылды. Республиканың құқық қорғау органдарының барлық тергеу бөлімшелері осында шоғырланды. Бірақ әртүрлі жағдайға байланысты 1997 жылғы 5 қарашада Мемлекет басшысының Жарлығымен Мемлекеттік тергеу комитеті таратылып, экономикалық және басқа да қылмыстардың барлық істері бойынша

алдын ала тергеуді Ішкі істер министрлігі жүргізе бастады.

Қоғамдық-экономикалық формацияның өзгеруі басқарудың жоспарлы әдісінен нарықтық экономикаға көшуге әкелді. Бұл өзгеріс құқық қорғау органдарын шұғыл түрде қайта құруды, ел Президенті алға қойған экономикалық және қызметтік құқық бұзушылықпен күрес саласындағы құзыретті бөлу аясындағы міндеттерді жүзеге асырудың жаңа тәсілдерін іздестіруді талап етті. 1997 жылғы желтоқсанда бұл істерді тергеу Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясына берілді. Осының негізінде департамент пен республика Ішкі істер министрлігінің Экономикалық қылмысқа қарсы күрес департаменті қосылып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Салық полициясы комитеті құрылды. Оның міндеті – экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Бұл ең қысқа мерзімде орталықта және елді мекендерде Президент тапсырмаларын жүзеге асыруға және еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қабілетті тергеу аппаратын қалыптастыруды талап етті. Қиындықтар Мемлекеттік тергеу комитеті таратылғаннан кейін республиканың барлық дерлік тергеу әлеуеті Ішкі істер министрлігі органдарында шоғырланды. Көпшілік жаңа құқық қорғау органының болашағына сенбеді. Осы қиын-қиын кезеңде біздің еліміздің Салық полициясының Бас тергеу басқармасын

жедел-іздістіру қызметінде практикалық тәжірибесі мол және құқық қорғау органдарында жеке беделі бар Василий Чуранков басқарды.

Бірте-бірте оң тәжірибе жинақталды, әдістемелік ұсыныстар дайындалып, әртүрлі санаттағы шаруашылық және қызметтік құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру үшін орындарға жіберілді, жер-жерде үнемі іссапармен практикалық көмек көрсетілді, жедел-іздістіру аппаратымен аса күрделі және шұғыл істер өндіріске енгізілді.

Басқа да ұйымдастырушылық, әдістемелік және кадрлық жұмыстар жүргізілді. Халықаралық ынтымақтастық жолға қойылды. Оның нәтижесін сол кездегі ашылған атышулы қылмыстық істер тізбегі көрсетті.

Тергеу аппараты жұмысындағы басым бағыттың бірі мемлекетке келтірілген материалдық шығынды өндіру және салық берешегін өтеу болып белгіленді. Тергеушілер бюджетті толықтыруға елеулі үлес қосты, бұл дәрігерлердің, мұғалімдердің, мемлекеттік қызметкерлердің зейнетақысы мен жалақысы бойынша берешектердің өтелуіне, әлеуметтік шиеленістің жойылуына ықпал етті. Қаржы полициясының қызметінде сабақтастық пен игі дәстүр сақталды, олар жаңадан құрылған Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне де енгізілді. Ол таратылғаннан кейін тергеушілердің, экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарды тергеп-тексеруде дайын кәсіби мамандардың алтын қоры республиканың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінде және Экономикалық тергеу қызметінде тергеудің сенімді іргетасы болды.

Ақмола облысының үш ауданына басшылық жасаған, Астана қаласының ардагерлер қоғамын басқарған аяулы ағамыз тірі болса маусымда 90 жасқа толар еді...

## ТЕКТИНІҢ ТҰЯҒЫ

Әділхан Кенжебайұлы Шабатов Арқада ашаршылықтың реңі басылмаған шақта, 1933 жылы 1 маусымда Қарағанды облысы Жезді өңірінде дүниеге келген. Атасы Мәмбетбай Шабатов 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісте бағаналы елінің көзі ашық, саясатты ажырата білетін, Омбыда білім алған, дәрігер Жанабай Ниязбековтің басқаруымен патша әскеріне қарсы шығып, Қаражарда ерлікпен қаза болады. Әкесі Кенжебай Мәмбетбайұлы 1919 жылы Орынборда рабфакты бітіріп, Қарсақбайда қызмет жасап, Ұлы Отан соғысы қызған шақта соғысқа алынып, 1942 жылы Воронеж облысы Чижовка селосында қаза болады. Анасы Халима Хасенова – Атбасар өңірінің тумасы. Жасынан зерек өскен бойжеткен КомВУЗ-ды бітіріп, сол кездегі саяси сауатты азамат Кенжебай Мәмбетбайұлымен отау құрады. Дүниеге Әділхан, Асыл атты сәбилер келеді. Кенжебай майданға аттанғаннан кейін, 9 жасар Әділхан мен қызы Асылмен Ақмола өңіріне келіп, ауылдық кеңесте төраға болып қызмет жасайды.



Бір тұяқ шығын шығармай елге оралады, осындай жедел шешім қазіргі басшыларға үлгі. Әділхан Кенжебайұлы қызмет барысында мұқтаждарға көмек беріп, әділ болды. Кеңес заманы болса да өз ұлтының патриоты еді. 2014 жылы 8 наурыз күні бір отырыста Қорғалжын ауданында, Әділхан аға хатшы болған жылдары, Әділхан, Асыл атты сәбилер Марат Сыздықов былай еске алады:

«Бір жылы мен қиын жағдайға тап болдым, ауданның екінші хатшысы өзі орыс болған соң, көпшіліктің алдында қазақтарды қорлап, шовинистік қыр көрсетті. Мен оған қарсы сөйлеп, тіпті боқтап жібердім, жағдай шиеленісіп, мені партбюроға салды. Бюрода 9 адам, содан тек Әділхан аға өз басына қатер төнсе де, мені ақтап алды. Ондай қамқор адамды қалай ұмыттарсың?!»

Буыны қатпаған Әділхан жастайынан өжет, намысқой, алғыр болып еңбекке араласды. Қорғалжын ауданында орта мектепті үздік бітіріп, Есіл ауданына қарасты Жақсы стансасында орталық мектепте орыс тілінде сабақ береді, кейін Свердловскіде педагогикалық институтты бітіреді. Ұйымдастыру қабілеті жоғары болғандықтан, Есіл ауданы комсомол комитетінің екінші хатшысы, Қима ауданы, Ақмола облысы комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып істейді. Еңбекке, қоғамдық жұмысқа құштарлығымен танылып, орталық партия мектебінің 3 жылдық күндізгі бөлімін үздік бітіргеннен кейін, Атбасар ауданы атқару комитетінің төрағасы, Атбасар ауданы, Қорғалжын ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы болып 11 жыл қызмет атқарады. Қай қызметте жүрсе де шаруашылықты ұршықша иіретін. 1976 жыл, Әділхан аға Қорғалжын ауданының бірінші басшысы болып тұрған кезі, қыс қатты болып, дала малы жылқы жүдей бастайды. Жедел сол кездегі көршілес Қарағанды облысы Жезді ауданының бірінші хатшысы Мәкен Төрегендинмен келісіп, жылқыны көршілес «Сарысу» совхозының жеріне өзі бастап апарып, қыстап шығады да,

Серік ҚОЛДАНҰЛЫ,  
денсаулық сақтау ісінің ардагері, «Шапағат» медалінің иегері

## ДАУ-ДАМАЙДЫ ШЕШУ ЖОЛЫ – БІТІМГЕРЛІК

Өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Осы қамшының сабындай қысқа ғана ғұмырда адамдар бір-бірімен тату-тәтті ынтымақта тіршілік кешкенге не жетсін?! Алайда кейде пенде болған соң келіспеушіліктер туындап, дау-жанжал шығып, соңы сотқа жетіп жататын жайлар болады.

Міне, осындай кезде екі жақты бітімгершілікке шақырып, татуластыруға тура келіп жатады. Бұған жол ашқан – 2011 жылы қабылданған «Медиация туралы» заң. Еліміздің соттарында 2017 жылдан бастап «Татуластырушы судья» қанатқақты жобасы да қолға алынды. Бұл жоба алғашқы кездің өзінде-ақ қоғамға қажеттілігін дәлелдеді. Татуластырушы судьяға қатысты халықтың оң көзқарасының орнығуына ең алдымен тараптардың судьяға деген сенімінің артуы айтарлықтай ықпал етті. Жаңа бастама көпшілік тарапынан қолдау табуы үшін татуластырушы судьялыққа медиацияда жоғары нәтижелерге қол жеткізген, тараптарды сөзіне ұйыта алатын, ортақ келісімге келтіруге қабілетті, тәжірибелі судьялар іріктелді. Татуластырушы судья – тараптар арасындағы дауды (жанжалды) реттейтін тұлға. Ол сот өндірісіне



келіп түскен істерді, талап қою арыздарын қабылдай отырып, даудың қай сотқа ведомстволық бағыныстылығын, талап қою арызының соттылығы және талап қоюшының дауды соттан тыс және сотқа дейін реттеуді сақтау мәселесін шешеді. Осылайша татуластырушы судья талап қою арызын сотқа келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдаудан бас тарту немесе қайтару туралы ұйғарым шығарады. Егер талап қою арызын қабылдауға негіз болса, судья тараптарға бітімгерлік рәсіміне қатысу үшін он жұмыс күні ішінде шақыру жібереді. Сонымен бірге, туындаған даулар бойынша тараптармен алдын ала әңгімелесу өткізеді. Қажет болған жағдайда, дауды татуласу рәсімімен аяқтау

үшін тараптармен жеке-жеке әңгімелесуге де құзыры бар. Бітімгерлік рәсімге қатысуға келіскен тараптар сотқа балама рәсімнің түрін дербес таңдап, оны өтінішінде көрсетеді. Өтініш-хаттан кейін судья бітімгерлік рәсімін жүргізеді. Медиациялық келісімдер жасаған кезде, судья татуластырушы тараптарға қойылған талаптардың шегінен шығу құқығын, жауапкердің қарсы шарттар қоюға мүмкіндігі барын түсіндіреді. Егер тараптар татуласу келісіміне тоқталса, оны сотқа бекітуге ұсынады. Татуласу келісімін бекіту кезінде судья олардың шарттарын тексеріп, қарау нәтижелері бойынша және іс жүргізуді тоқтату не татуласу келісімін бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Тараптар сотта медиацияға тоқталса, судья медиатордың жәрдемдесуімен медиация тәртібімен реттеу туралы өтініш-хатты мәлімдеуге құқылы. Осы жерде дау-жанжалды сотқа дейін, сотта реттеуде татуластырушы судьяға жүктелетін жауапкершілік те, қызмет те зор. Бұл татуластырушы судьялардан шеберлікті, шешендікті талап етеді. Сонымен бірге, судья екі тараптың да тілін тауып, ойындағысын айтқызбай түсінетіндей сұғыла әрі психолог бола білуі керек. Бүгінгі татуластырушы судьялар осы талапқа сай жұмыс істеуде.

Қамажай ӨМІРОВА,  
Астана қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңес меңгерушісі

## АЛИМЕНТ ТӨЛЕМЕСЕ, ЖАЗА ҚАТАЛ

Биылғы бірінші тоқсанда елордалық прокуратура 160 балаға алимент алуды қамтамасыз етті.

Алимент төлемейтіндерге әсер етудің тиімді тетіктерінің бірі – оларды белгіленген жауапкершілікке тарту. Мәселен, екі көмелетке толмаған баланың әкесі әкімшілік қамауды өтегеннен кейін, 2020 жылдан бері жинақталған миллион теңге берешек сомасын дереу

төледі. Биыл да 30 борышкер әкімшілік, 3-еуі қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Прокуратура 223 борышкерге қатысты іздеу жариялады, 800 борышкерге елден шығу шектелді. Қазір бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.





## ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН ШАХМАТ ШАЙҚАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Гроссмейстерлер екінші партияны кеше ойнады. Жалпы әлем чемпионы атағы үшін 14 партия ойналады. Қай шахматшы бірінші болып 7,5 ұпай жинаса, сол чемпион атанады. Егер кездесу 7:7 болса, онда шешуші блиц-матч өткізіледі.

Чемпионаттың жүлде қоры – 2 миллион еуро. Жүлде қорының 60 пайызы жеңімпазға, 40 пайызы екінші орын иегеріне беріледі.

**Шахматтан әлем чемпиондары:**

- Вильгельм Стейниц (1886-1894) Австрия-Венгрия-АҚШ
- Эммануэль Ласкер (1894-1921) Германия
- Хосе Рауль Капабланка (1921-1927) Куба
- Александр Алехин (1927-1946) Ресей, Франция
- Макс Эйве (1935-1937) Голландия
- Михаил Ботвинник (1948-1957, 1958-1960, 1961-1963) КСРО
- Василий Смыслов (1957-1958) КСРО
- Михаил Таль (1960-1961) КСРО
- Тигран Петросян (1963-1969) КСРО
- Борис Спасский (1969-1972) КСРО, Франция, Ресей
- Роберт Фишер (1972-1975) АҚШ
- Анатолий Карпов (1975-1985, 1993-1999 ФИДЕ версиясы бойынша) КСРО, Ресей



- Гарри Каспаров (1985-1993, 1993-2000 КША версиясы бойынша) КСРО, Ресей
- Александр Халифман (1999-2000) КСРО, Ресей
- Вишванатан Ананд (2000-2002) Үндістан
- Руслан Пономарев (2002-2004) Украина
- Рустам Касымджанов (2004-2005) Өзбекстан
- Веселин Топалов (2005-2006) Болгария
- Владимир Крамник (2000-2006 КША



- версиясы бойынша, 2006-2007) Ресей
- Вишванатан Ананд (2007-2013) Үндістан
- Магнус Карлсен (2013-2023) Норвегия

**P.S:** 1993-2006 жыл аралығында шахматтан әлем чемпионаты екі версия бойынша (ФИДЕ және КША (кәсіпқой шахмат ассоциациясы) ұйымдастырылды.

## АЗИЯ БАЛУАНДАРЫ АСТАНАДА БЕЛДЕСТІ

Астанада күрес түрлерінен Азия чемпионаты басталды. Байрақты бәсекеде алып құрлықтың 24 елінен келген 400 балуан бағын сынады.

Елордадағы Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен басталған Азия чемпионатының ашылу салтанатына қатысқан ҚР Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Біріккен күрес әлемі – UWW Бюро мүшесі, UWW Азия кеңесінің президенті, ҚР грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының президенті Дәулет Тұрлыханов жарысқа қатысушы спортшылар мен делегация өкілдеріне сәттілік тілеп, жанкүйерлерге ризашылығын білдірді.

Сондай-ақ Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен де турнир қатысушыларына сәттілік тіледі.

– Көпшілік күткен күрес сайысы биыл бас қаламыз Астана төрінде екінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Айтулы бәсекенің өтуі спортшыларымыз үшін маңызды. Өйткені мұндай жарыс-

тар спортшыларды шыңдауға мүмкіндік беретініне, елімізде күрес түрлерін танымал етуге септігін тигізетініне сенімдімін. Бүгінде еліміздің балуандары әлем және Азия чемпионаттарында жоғары нәтижелерге қол жеткізуде. Олардың жетістіктері өскелең ұрпақты спортпен айналысуға, үлкен мақсаттар қоюға және оларға қол жеткізуге шабыттандырады.

Спорт – ел жетістігінің белгісі, бейбітшіліктің кілті. Осы орайда бүгінгі дүбірлі додаға Азия құрлығының 24 елінен келген Олимпиада ойындары, әлем және құрлық чемпиондарына сәттілік тілеймін! Ал еліміздің балуандарына жоғары жетістік тілей отыра, осы Азия чемпионатында еліміздің туын көтеріп, әнұранын шырақтатуларыңызға тілектеспін! Ең мықтылар жеңіске жетсін! – деді жарыстың ашылу салтанатында сөйлеген Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен.

Біріккен күрес әлемі қауым-



дастығы UWW атынан Азия чемпионатын жоғары деңгейде ұйымдастыруға және өткізуге еңбек сіңірген Асхат Ораловқа, Есет Байкенге және Дәулет Тұрлыхановқа арнайы сыйлық табыстады.

9-14 сәуір аралығында өтетін чемпионатта жалпы есепте 30 салмақ дәрежесінде жеңімпаз бен жүлдегерлер анықталады. Күрестің әр түрінен 10 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

Чемпионаттың бірінші күні грек-рим күресі бойынша 5 салмақ дәрежесінде жүлдегерлер анықталды. Бұл күні Иран балуандары 55, 63, 87 және 130 келі салмақта чемпиондық атақты жеңіп алды. Тек 77 келі салмақта Қырғыз елінің балуаны Ақжол Махмудов алтын медаль иеленді. Қазақстан қоржынына 4 медаль түсті. Нұрсұлтан Тұрсынов (87

келі) күміс жүлдегер атанды, ал Аманғали Бекболатов (55 келі), Мұхамедәлі Мамырбек (63 келі) және Әлімхан Сыздықов (130 келі) қола жүлдеге қол жеткізді.

Кеше грек-рим күресінен тағы 5 салмақ бойынша жүлдегерлер анықталды. Бүгін және ертең әйелдер күресінен бәсекелер өтеді. Ал 13-14 сәуір күндері еркін күрестің шеберлері белдеседі.

Азия чемпионаты күн сайын күндізгі сессия сағат 11:00-де (іріктеу, жартылай финал және жұбаныш белдесулері), кешкі сессия 18:00-де (I және III орындар үшін финалдық белдесулер) басталады.

Алып құрлықтың үздіктері сынға түсіп жатқанда, ел намысын қорғайтын қазақ балуандарына жанкүйер болайық, ағайын!

### 12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Елорданың Мемлекеттік архивінде көрнекті ғалым, Қазақстанда жерге орналастыру ғылымының негізін салушылардың бірі, Астана қаласының құрметті азаматы Моисей Гендельманның туғанына 110 жыл толуына арналған «Шексіз өлке майталманы» атты дөңгелек үстел мәжілісі өтті.

## ҒАЛЫМ ҒИБРАТЫ

Ғалым Житомир облысында туып, Харьковтағы аумақты ұйымдастыру институтын аяқтады. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Одесса ауыл шаруашылығы институтының аспирантурасын бітіріп, осы оқу орнында еңбектенді. Майданға аттанып, Берлинге дейін жетті. Соғыстан кейін Одесса ауыл шаруашылығы институтының «Жерге орналастыру» кафедрасының меңгерушісі болды. 1957 жылы Мәскеудің К.Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясының докторантурасын тәмамдап, диссертациясын қорғағаннан кейін оны Ақмоладағы жаңа ауыл шаруашылығы институтын ұйымдастыруға жіберді. Бұл – қазіргі С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті. Моисей Гендельман бастапқыда осы оқу орны директорының оқу және тәрбие ісі бойынша орынбасары болды. 1961-1982 жылдары, жиырма жылдан астам уақыт аталмыш оқу орнының ректоры болып қызмет істеді.

«Тың аймағында жаңа жоғары оқу орнының салынуы маңызы жағынан ірі оқиға болды. Бұл осы өңірдегі жоғары оқу орындарының атасы іспеттес еді. Жоғары оқу орны белсенді қызмет ететін ғылыми мектептер мен олардың шоғырланған орны ретінде қарастырылды. Ең басты бағыт тек ауыл шаруашылығы саласының мамандарын дайындайтын оқу орны ғана емес, білікті ғалымдарды да шығару болды» деген еді бір естелігінде Моисей Гендельман.

Ғалым жарты ғасырға жуық уақыт Ақмолада ауыл шаруашылығы саласы мен ілім-білімнің, ғылымның өркендеуіне үлес қосты. 2005 жылы Астана қаласында 92 жасында өмірден өтті. Кейіннен қызы Светлана әкесінің 1933-2005 жылдарды қамтитын құжаттарын қалалық жоғары оқу орындарының архивке тапсырды. Дөңгелек үстел мәжілісіне қатысушылар сол құжаттармен танысып, ғалымды еске алды.



мен олардың шоғырланған орны ретінде қарастырылды. Ең басты бағыт тек ауыл шаруашылығы саласының мамандарын дайындайтын оқу орны ғана емес, білікті ғалымдарды да шығару болды» деген еді бір естелігінде Моисей Гендельман.

Ғалым жарты ғасырға жуық уақыт Ақмолада ауыл шаруашылығы саласы мен ілім-білімнің, ғылымның өркендеуіне үлес қосты. 2005 жылы Астана қаласында 92 жасында өмірден өтті. Кейіннен қызы Светлана әкесінің 1933-2005 жылдарды қамтитын құжаттарын қалалық жоғары оқу орындарының архивке тапсырды. Дөңгелек үстел мәжілісіне қатысушылар сол құжаттармен танысып, ғалымды еске алды.

## КОМПОЗИТОРДЫҢ «ЕЛГЕ АРНАУЫ»

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында белгілі композитор, дирижер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әли Алпысбаевтың «Елге арнау» атты шығармашылық концерті өтті.

Концерт барысында астаналық филармонияның қазақ оркестрінің (жөркемдік жетекшісі – бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айтқали Жайымов, дирижері – Қазақстанның мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов) және симфониялық оркестрінің (жөркемдік жетекшісі – мәдениет саласының үздігі Әділ Бестембеков, бас дирижері – «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Қалқаман Дюсебаев) сүйемелдеуімен кеш иесінің «Алаш елі», «Вальс», «Біз екеуіміз», «Кең өлке», «Вокализ», «Шаттансын елім», «Елге арнау», «Әке», «Орбұлақ», «Қазақ елі», «Ауылдағы той» сынды шығармалары орындалды. Ди-

рижерлік пультке кеш иесінің өзі тұрды. Концертке камералық хор қатысты.

Композитордың туындыларын белгілі әншілер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Мейір Байнеш, Светлана Айтбаева, Арайлым Рахымқызы, қобызшы Жанар Жүсіпова, мәдениет саласының үздігі Ботагөз Тәшімова, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Әсем Сембина, Шынар Кәрімова, Әйгерім Аманжолова, Жәмила Далишева, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Алтынбек Әбілда әулетті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

